

БӨЛІМ: ЖАЛПЫ РУБРИКА

Түркістан түркі әлемінің рухани астанасы

ЖАРИЯЛАНДЫ
29.06.2022СІЛТЕМЕ
<https://bilimger.kz/123498/>

«Түркістан-түркі әлемінің рухани астанасы»

Әлемнің жеті кереметінен кем түспейтін қасиетті де киелі мекен Түркістанның сәулеті мен мәдениеті ерекше жаңарып келеді. Қазақ халқы тарихының айнасы, бабаларымыздың көне қаласы, күллі түркі елдерінің басын біріктіріп жақындастыра түсетін алтын көпірге айналды. Діни және тарихи киелі орын саналатын Түркістан бүгінде туризм өлкесі, елімізді алға жетелейтін алтын кілті іспеттес.

Түркістан облысы қаймағы бұзылмаған қазақтың қара шаңырағы. Берекесі ұйыған киелі мекен. Мағжан ақын жырлағандай «Екі дүние есігі, Ер түріктің бесігі». Түркі әлемнің рухани ордасы. Ел басымыз Н.Назарбаев : «Әрбір халық, әрбір тәуелсіз мемлекет өзінің рухани орталығын нақтылап алу керек. Қазақстанның рухани орталығы Түркістан» деген болатын. Түркістан шахары облыс орталығы ғана емес, еліміздегі ұлттық болмысымыздың, рухани қазынамыздың орталығы. Түркі дүниесінің рухани астанасы.

Түркістан облысының туристік әлеуеті жоғары. Әсіресе туризм кластерінің басым бағыты көлік инфрақұрылымы қолайлы жолға қойылған. Түркістан қаласы тарихи туризмнің алтын ұясы. Қала басында қала қонақтарымен тұрғындарына қажетті ойын сауық орталығы, заманауи қонақ үйлер мәдени тарихи ошақтар, драма театры, мейрамханалар салтанат үйлері спорттық демалыс нысандар, базарлар мен супермаркеттер талапқа сай салынған. Сондай-ақ туристерге толықтай сапалы қызмет көрсететін орындар жетерліктей деңгейде.

«Өткенімен салыстыра отырып, бүгінгілер өмір сүреді» дейді ақын Олжас Сүлейменов. Түркістан – Қазақстан жеріндегі ең ежелгі қалалардың бірі және бірегейі. Оның өзіндік кескіні өзіндік тағдыры бар. Ғасырлар қойнауынан бізге жеткен сәулет әлемінің таңғажайып дүниесі Қожа Ахмет Яссауи кесенесі. Бүгінде ол Түркістанның қақ ортасында орналасып, төрткүл дүниені таңдай қақтыруда. Сондай-ақ қаланың бүгінгі сәулетіне ерекше

көркемдік қосып тұрған Қ.А.Яссауи атындағы Қазақ-Түрік халықаралық университетінің ғимараты. Айта берсек, зерделей берсек Түркістанның ғажайыптары мен тылсым сыры ашыла түспек. Заманы туып, облыс орталығына айналған қастерлі шахар енді ұлтымыздың рухын көтеретін келешегі кемел Түркістанға айналмақ. Ұлттық болмысымыздың, рухани қазынамыздың орталығы саналатын бұл мекен түркі дүниесінің рухани астанасы. Төрт күлл дүниені байланыстыра отырып, түрік халықтары татулығын сақтайтын алтын көпір болып қала бермек!

Бақытжан Ақбота Әділханқыз

ҚМ АА Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.